# ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚУТТЫ БОЛСЫН, ЖОЛДАСТАР!

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

К(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№174 (8634) Дүйсенбі 3 сентябрь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл Жеке саны 20 тыйын

**Теңіздерде және құрғақта толық талқандалған Жапония өзінің жеңілгендігін мойындап, қаруын тастады.**

**Жеңімпаз халық—біздің ұлы халқымыздың даңқы арта берсін!**

**Жеңісімізді ұйымдастырушы және оған дем беруші кемеңгер Сталин жолдастың даңқы арта берсін!**

## И. В. Сталин жолдастың халыққа арнаған ҮНДЕУІ

Жолдастар!

Ер-әйел отандастарым!

Бүгін, 2 сентябрьде, Жапонияның мемлекеттік және әскери өкілдері сөзсіз тізе бүгу актісіне қол қойды. Теңіздерде және құрғақта толық талқандалған және Біріккен Ұлттардың қарулы күштері барлық жағынан қоршаған Жапония өзінің жеңілгендігін мойындап, қаруын тастады.

Қазіргі дүниежүзілік соғыс қарсаңында дүниежүзілік фашизммен дүниежүзілік шапқыншылықтың екі ошағы; Батыста—Германия және Шығыста—Жапония ошағы құрылды. Бұлар дүниежүзілік екінші соғысты бастады. Бұлар адамзатты және оның мәдениетін апатқа төндірді. Дүниежүзілік шапқыншылықтың Батыстағы ошағы бұдан төрт ай бұрын жойылды, мұның нәтижесінде Германия тізе бүгуге мәжбүр болды. Бұдан соң төрт айдан кейін дүниежүзілік шапқыншылықтың Шығыстағы ошағы жойылды, мұның нәтижесінде Германияның негізгі одақтасы Жапония та тізе бүгу актісіне қол қоюға мәжбүр болды.

Бұл дүниежүзілік екінші соғыстың аяқталғандығын сипаттайды.

Қазіргі уақытта біз бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін қажетті шарттарға қол жетті

...нан кейін, Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының совет еліне сол кездегі дұшпандық көзқарасымен пайдаланып, және оларға сүйене отырып, Жапония біздің елімізге тағы да тап берді, Қыйыр Шығысты оккупациялады, сөйтіп, біздің халқымызды төрт жыл бойына азапқа ұшыратты, советтік Қыйыр Шығысты тонады.

Бірақ мұныменде тынған жоқ. Владивостокті қоршап алу мақсатымен 1938 жылы Жапония Владивосток маңында, Хасан көлі ауданында елімізге тағыда тап берді, ал келесі жылы совет жеріне өту, біздің Сібір темір жол магистралін кесіп өтіп, Қыйыр Шығысты Ресейден бөліп тастау мақсатымен Жапония екінші бір жерде, Монғолия Халық Республикасы ауданында, Халхин-Гол маңында өзінің шабуылын қайталады.

Рас, Совет әскерлері Хасан және Халхин-Гол ауданында Жапонияның шабуылын жойып жапондарды қатты масқарашылыққа ұшыратты. Сол сияқты, жапондардың 1918—22 жылдардағы соғыс шапқыншылығы ойдағыдай жойылып, жапон басқыншылары біздің Қыйыр Шығыс аудандарынан қуылған болатын. Бірақ 1904 жылы орыс-жапон соғысы кезінде орыс әскерлерінің жеңілуі халықтың сезімінде ауыр із қалдырды. Ол біздің елімізге қарадақ болып



